



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ние информационно–коммуникационных технологий в учебно–воспитательном процессе на уроках позволит ускорить формирование учебно–познавательной компетенции учащихся, стимулировать мотивацию и добиться повышения качества обучения, новые информационные технологии, применяющиеся методически грамотно, повышают познавательную активность учащихся, что, непременно, приводит к повышению эффективности обучения.

Список литературы:

1. Всемирный доклад ЮНЕСКО по коммуникации и информации, 1999–2000 гг. М., 2000. 168 с.
2. Образование и XXI век: Информационные и коммуникационные технологии. М.: Наука, 1999. 191 с.
3. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. М.: ИИО РАО, 2010. 140 с.
4. Инновационные технологии в образовании / Под ред. Абылгазиева И.И., Ильина И.В. / Сост. Земцов Д.И. М.: МАКС Пресс, 2011. 141 с.
5. Корнеев И.К., Ксандопуло Г.Н., Машурцев В.А. Информационные технологии. М.: ТК Велби, Проспект, 2009. 224 с.
6. Зайцева С.А., Иванов В.В. Современные информационные технологии в образовании // <http://sgpu2004.narod.ru/infotek/infotek2.htm>

ӘОЖ 371.3

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕ

*Исмагулова Гульшат Хабидулловна
Мусина Гулнур Алтайевна
Омарова Айгуль Алиакбаровна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№22 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E–mail: aaset.ismagulov@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиетін оқыту практикасындағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар: инновациялар мен тәжірибе туралы пікір айтылған. Тіл мен әдебиетке қатысты салыстыру мен үндестіктердің болуына байланысты ажыра білу істерін көрсетіп, мұғалімнің атқаратын рөлі мен қызметі жайында инновациялық және тәжірибелік қажеттілігі мен оның нәтижесі айқын айтылады. Жұмыстың мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін оқыту практикасындағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар: инновациялар мен тәжірибе жұмыстарынандағы қосқан үлесіне насихаттау, педагогикалық тәжірибемен бөлісу және идеяларын үлгі ретінде ұсыну.

***Кілт сөздер:** ақпараттық–коммуникациялық, мультимедиялық технологиялар, тәжірибе, оқыту дағдылары, белсенді оқыту әдістері, визуалды ақпараттар.*

Аннотация

В данной статье высказывается мнение об информационно–коммуникационных технологиях в практике преподавания казахского языка и литературы: инновации и опыт. Применительно к языку и литературе показаны случаи разграничения знаний благодаря наличию сравнений и сходств, а также ясно сказано о необходимости новаторства и опыта и его результатах о роли и деятельности учителя. Цель работы – пропагандировать вклад информационных и коммуникационных технологий в практику преподавания казахского языка и литературы: инновации и практическую работу, поделиться педагогическим опытом и представить идеи в качестве примеров.

***Ключевые слова:** информация и коммуникация, мультимедийные технологии, опыт, навыки преподавания, активные методы обучения, визуальная информация.*

Abstract

This article expresses an opinion about information and communication technologies in the practice of teaching the Kazakh language and literature: innovations and experience. With regard to language and literature, cases of differentiation of knowledge due to the presence of comparisons and similarities are shown, and it is also clearly stated about the need for innovation and experience and its results on the role and activities of the teacher. The purpose of the work is to promote the contribution of information and communication technologies to the practice of teaching the Kazakh language and literature: innovations and practical work, to share pedagogical experience and present ideas as examples.

***Key words:** information and communication, multimedia technologies, experience, teaching skills, active learning methods, visual information.*

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды дамыту дәуірі қалыптасқан заманда қазақ тілін оқыту әдістемесі үнемі жетілдірілу үстінде болып отыр. Ол деген, мұғалімнің заманауи әдістемелер мен жаңа білім беру технологиялары бойынша білімгін көрсете білуі керек. Келе оқушылармен бір тілде сөйлеседі. Қазақ тілін оқыту үрдісі сөйлеу әрекетінің маңызды компоненттерінің бірі болуынан лексикалық дағды орын алуы үнемі мұғалімнің бақылауында болмақ. Тәжірибе бөлісерден бұрын мұғалім өз тарапынан мынадай жағдайларда оқытудың дағдыларын тілдік таным ажыратуды үйретуі қажет:

- сөздің дыбыстық бейнесін аша білуі;
- сөздерді оқыту дағдысында қабылдауы;
- сөздің мағынасын түсінуі;
- сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін ажыратуы;
- сөздерді байланыстыру ерекшелігін анықтауы;
- сөздердің оқыту дағдысындағы орфографиялық ережесін білуі,
- сөздердің лексикалық мағынадағы жолдарын түсінуі,
- сөздердің қазақ тіліне тән өзіндік ерекшеліктерін игеруі,
- тіл үйренуге құштарлығы мен ынталық ықыласы [1].

Ал оқыту дағдыларын әдебиеттік танымда қарастыруда ажыратуға көңіл бөлетін жағдайлар:

- әдебиет теориясын орыс әдебиетімен салыстыра отырып түсінуі,
- әдебиет қайраткерлерін орыс әдебиеті қайраткерлерімен салыстырып, үндестігін табу арқылы түсіне білуі,
- берілген сұраққа жауап берудегі нақтылық және тиянақтылыққа қалыптасуы,
- әдебиетке деген қызығушылығының болуы,
- оқыту дағдысына қатысты қабілеттерінің дамуы.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқушылардың лексикалық дағдыларды қалыптастыру үрдісінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай көңіл бөліп, даму мен дайындық деңгейіне жұмыстар жүргіземіз. Оны қалыптастыру бағытында мәселелер туындап, оқушылардың мүмкіндіктерін іске асыру үшін ыңғайлы жағдай жасап, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар көмегін беруіміз қажет. Теориялық бөлімді игерген әр мұғалім өзіндік ізденістері арқылы практикалық талдау жасай отырып, сабақтарының түрлі қалыптасуына жол аша алады. Мысалға айтар болсақ, мектеп оқушыларына арналған заманауи ақпараттық–коммуникациялық технологияларды пайдаланып, тапсырмалар кешенін әзірлейміз. Бағдарлама жүзінде лексика және грамматикалық ұғымдарын негіздеп, оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында демонстрациялық (компьютер, Power Point презентациясы, проектор), Интернет ресурстарын пайдаланатын технологиялар (әртүрлі Web сайттар), сондай–ақ мультимедиялық технологиялар (бейнежазбалар) пайдаланылады. Осы технологиялардың барлығын пайдалануда оқушыларды ынталандырып, белсенді қылудың маңыздылығы оның материалдық көрнекілігі үшін қажет екендігінде болып отыр [2]. Оқулықтар ішіндегі жаттығулар жиынтығы іс жүзінде қолданылуы керек, қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқытуда ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың қаншалықты белсенді қолдана отырып, педагогикалық үрдістегі маңыздылығын анықтап, оқушылар мен мұғалімдердің қолданылатын ақпараттық – коммуникациялық технологияларға қатынасын анықтап отыру басты мәселе болып отыр. Мұғалім өз кешендік тапсырмасында оқытудың белсенді әдістерін қолдануда да шеберлігімен сабағын мазмұнды өткізу абзал. Түрлі сұрақтар мен тапсырмалар негізінде оқыту дағдысын қалыптастыруда сабақ құрылымында жүргізілетін шеберлігімен әртүрлі құралдар мен технологияларды қолдану қажеттілігі анықтай алады. Қалыптастырушы кезеңінде тапсырмалар сабақта белгілі бір ақпараттық–коммуникациялық тапсырмаларды қолдануды көзделеді. Бұл кезеңнің мақсатында АКТ қолдану және оқушылардың оқытудағыларын қалыптастыру үшін олардың тиімділігін арттырамыз. Бақылау кезеңінде мұғалім ретінде педагогикалық эксперименттің нәтижелерін келтіріп, оқушылардың оқыту дағдысындағы меңгеру деңгейінің қорытынды бөлімі жүргізіледі. Зерттеу нәтижелерін талдау және бастапқы кезеңде оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыру үшін ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігін анықтауға болады. Қорытындысында өткен етақырып бойынша оқыту дағдыларды меңгеру деңгейлері қарастырылады: көңіл –күйге байланысты сөйлесу, ықылас білдіру, мәтін бөліктеріне байланысты сұхбат құру, сұрақтарға жауап алмасады. Қарапайым сандар, сөздер, грамматикалық ережелер жазылып, талдау әрекеттері байқалады. Тапсырмалар сипатында оқыту дағдыларын шебер бақылауға бағытталған: сөздерді сәйкестендір, аудармаларын анықта, реттік нөмір бойынша жүйеле, қажетті өріптерді қой, сан есімдерді жазыңыз, орфографиялық негізінде көрсетіңіз, мәтінді не сөйлемді тыңдап аудармасын баяндаңыз, мәтінге сұрақ қойыңыз, сөйлемдерді орын тәртібіне қойыңыз, суретке әңгіме айтыңыз, сурет бойынша тірек сөздер жазыңыз, суретке сұрақ алмасып, диалог жазыңыз, екі суретке байланысты мәтін тыңдап, қажетті суретті белгілеңіз. Міне осындай бірқатар жұмыстарды белсенді оқыту әдістерін пайдалана отырып жасауға болады. Осының нәтижесінде оқыту дағдысының 49%, деңгейі 51%; дейін көтерілуі де мүмкін. Демек, мұғалімнің қазақ тілі мен әдебиетін оқыту практика–

сындағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар: инновациялар мен тәжірибе жемісі осынысымен нәтижесін көрсете алады. Бұл біздің жұмысымыздағы бастапқы және қорытынды бөлімдер бойынша мысалға ала отырып, негізге алғандағы жұмыс нәтижелерін талдай келе, сабақта қазіргі заманғы әртүрлі ақпараттық–коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы оқыту дағдылар деңгейі мұғалімнің сапалы ізденісінен кейіноқушылар белсенділігінің өсуіне жағдай жасай алады деген қорытындыға келдім, әріізденіспен сапалы сабақтарды өткізу олардың қазақ тілін үйренуге деген қабілетін арттыратынында сөз жоқ. Біздің педагогикалық ізденісіміз оқушыларға қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқыту дағдыларын қалыптастыруда заманауи ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі мен қажеттілігін көрсетті. Қуатты құралымыз барда жеке тұлғаның дамуына ықпал жасаймыз. [3] Сапалы білім беру үрдісін қалыптастыруда атқаратын рөліміз осы болғандықтан, көрнекі құралдың жоғары деңгейі оқушылардың қызығушылығы мен белсенділік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Практикалық зерттеудің жалпы қорытындысы қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әртүрлі технологияларды қолданудың орындылығын және тіпті қажеттілігін көрсетті. Олар кез–келген шет тілін оқытудың қуатты құралы болып табылады, жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді және бүкіл білім беру процесін белсендіреді [3]. Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар белсенді және пассивті оқыту дағдыларын қалыптастыруда сөзсіз тиімді. Оқыту дағдыларын ұсыну кезінде бейнежазбаларды қолдану, төрт дағдылардың материалдың визуалды бейнесінің түрлі белсенді оқыту әдістерімен біріктіруге мүмкіндік беруімен құнды, әрі сапалы болып қалыптасуы біз үшін маңызды іс. PowerPoint презентациясы арқылы да материалдың графикалық формасын ұсынып, сондай–ақ сабақтың мағынасын оқытудың дағдыларына байланысты визуализациялауға мүмкіндік береді. Осылайша, әр сабағымыз әрі тартымды, әрі мазмұнды болып мақсатымызға қол жеткізуге зор мүмкіндік береді. Қазіргі ХХІ ғасырдағы ақпараттандырудың білім беру саласындағы міндет – компьютерлік техника мен ғаламтор, желілері, электронды оқулықтар мен визуалды ақпарат құралдарын оқу үрдісіне тиімді пайдалану қалыптасқан, оқушылардың білімін толықтырып, сапасын көтеру. Ақпараттық технологияны оқытуда мұғалімдердің нәтижелерге қол жеткізуі:

- оқу материалын толыққанды меңгеріп, терең түсінуге;
- оқу мотивациясының өріс алып, өсуіне;
- алған білімнің есінде сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын уақытының үнемделуіне;
- оқытудың төрт дағдысына байланысты жүйелі тапсырманың берілуі мен орындалуына, т.б.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланғанда, сөздік қорды молайту, сөйлеу әрекетінің грамматикасын жетілдіру, үндестік заңына байланысты дыбыстық жүйені қалыптастыру ауызекі тілдік құзіреттілігінің қалыптасуы, түсінгенді еркін баяндауы, сауатты жазудың тәртібіне дағдылануы, білімдік дүниетанымы мен ой–пікірін кеңейтуі, өмір сүрудегі қабілеттік қарасының дамуы мен шығармашылық әлеміне жол ашуы үшін оқушыларға тиімді озық тәжірибе керек. Олардың тілге және әдебиетке деген қызығушылық әрекетін дамытып, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру мен әр түрлі әдіс–тәсілдерді білу қажеттілігі мұғалім санасында қалыптасуы маңызды. Сабақтарымызда техникалық құралдарды қолдануда қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық және лексикалық жүйесінің дұрыс түсіндірілуіне қажетті тиімді оқыту дағдылары мен әдістерін қолдана білуді қажет етеді және оған көмектеседі. Жаңа ақпараттық құралдар қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы практикада қолданғанда:

- үлгерімі төмен оқушыларға мультимедиялық көмек беруінен;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің болуынан;
- оқушыларды жеке жұмыс істеу жағдайының болуынан;
- грамматикалық визуалды құрылымдарды орналастыруынан;
- есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттеріне материалдар жинақтауынан;
- пікірталас, талдау, анализ жасау студияларын көрсетуінен нәтижелер болады деп

ойлаймыз. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы практикамызда компьютерден жаңа тақырып түсіндіріп, грамматикалық құрылымдарды баяндап өткенде және қорытынды сабақта қолданамыз. Сабағымыз тартымды, әрі қызықты өту үшін білім деңгейіміз қалыпты, кәсіби шеберлігіміз айқын болуы керек. Сондықтан сабақ өз нәтижесін ауқымды түрде әсерлі де, толық мәнділігімен сапалы болып көрінеді. Қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениетін, ғылымы және, өнерін насихаттайтын пәннің мемлекеттік бағдарлама негізіндегі бағыттар бойынша және оқытудың төрт дағдылары мен белсенді оқыту әдістерін жүйелі қолдануымен шектесетін дүние екенін аңғарғанымыз жөн. Сабақты дұрыс жоспарлай келе, сабақ мақсатын сәйкес белгілеп алудың маңызы зор, мазмұны мен құрылысын және оған қолданатын ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізгі мақсаттар да қойылады:

- ортада жағымды психологиялық жағдай жасау;
- тіл үйренуге мен сабаққа тартымдылық қызығушылығын (уәж, ынта, ұмтылыс) тудыру;
- ақпараттық –коммуникативтік технологиялармен жұмысқа дағдылану;
- ақпараттық–коммуникативтік технологиялармен мәселелік болатын жұмыстар;

- мәселе шешу мен шешім қабылдай білуге әрекеттену;
- шығармашылық тұрғыдан мәселені шешуге бейімдеу;
- өз пікірі мен идеялар, тұжырым жасау және түсінік келтіруге үйрету;
- пікір, тұжырым, идея дегендерді бастап, қорғай білуге дағдыландыру;
- берілген жұмыстарға қажетті жауапкершілікпен қарау, шығармашылыққа бейімдеу;
- танымдық үрдісін қалыптастуға жағдай жасау;
- үйренуі мен білімі туралы түсініктері, бірігіп талқылап, пікір алуға мүмкіндік жасау;
- өздік жұмыстарын ұйымдастыруда орта құру;

Ал осы айтылған мақсаттарға жету барысындағы мұғалімнің әрекеті:

- сабақ мақсаты тақырыбына сай болады;
- сабақта болатын негізгі мәселе бөліп жасалады;
- сабақтың өмірмен тығыз байланысы және тәрбиелік мәнін көрсетеді;
- оқушылардың бірыңғай тілдік қарым-қатынаста болады;
- сабаққа қойылатын талаптар бұйрықсыз, кеңеспен ұсынылады;
- түрлі пікір, идея тыңдау, сыйлау және онымен санасуды көздейді;
- ерекше қолдаулар мен идеялық қолдау жасалады;
- позитивті және конструктивті көзқарасты ұстанады;
- ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолданып, үнемі жаңалық енгізіп отырады;
- жеке жұмыстар жүргізіп, үйге берілетін тапсырманың уақтылы және нақтылы беріледі;
- бағалау нормалары сақталып, әділ бағаланады; сонда ғана осындай сабақ жүйелілігімен

нәтиже әкелетінін көріп жүрміз. Сабақта ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен уәжін арттырып, білім берудің нәтижелі де жемісті болуына оң ықпалын тигізіп жатқандығымен көркем. Ақпараттық–коммуникативтік технологияны жүйелі пайдалану арқылы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай біліп, ақпаратты дұрыс таңдау жауапкершілігін қалыптастыра отыра өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады. Ақпараттық–коммуникативтік технология негізінде – оқытудың моделі әр сабақта өз құрылымымен күрделі болып отыр.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда өскелең ұрпақ бүгінде уақыт пен нақты кеңістікте ғана емес, медиа кеңістікте түрлі жұмыстар атқаруға қабілетті. Білім беруді жаңғырту үрдісінде ғаламтор, чаттар, sms – және mms–хабарламалар, теле – және радио эфир арқылы «қол жеткізуге» болатын практикада болып жатқан озық тәжірибелер біздің сабақ жүргізу барысында дамып жатқанымен айқын, сонымен қатар электронды оқулықтардың ресурстарымен бай қазына екенін баяндай аламыз. Сондықтан әр мұғалімнің көкірегінде тек ізденімпаздық, еңбекқорлық ұяланатын сезім болса, нәтижесі мол жұмыстар атқарары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Воронина Л.А. Қазіргі оқу үрдісінде ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану / Л.А.Воронина // Қоғамдық–гуманитарлық және ғылыми–техникалық білімнің өзекті мәселелері. 2017. No3 (12). 54–55 б
2. Ямалетдинова А.М. Оқу үрдісіндегі заманауи ақпараттық–коммуникациялық технологиялар / А.М.Ямалетдинова // Башқұрт университетінің хабаршысы. 2018 ж. No4. 1134–1141 с.
3. Гаврищук И.А. Мультимедиялық презентациялар заманауи оқыту құралы ретінде / И.А.Гаврищук // Жүзеге асырудың психологиялық–педагогикалық және технологиялық аспектілері. 2017. No4. 8–12 б.

ӨОЖ 37.013.2

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Итемгенова Гүлнара Болатбековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№1 мектеп–лицейі
Қостанай қаласы, Қазақстан
E–mail: gulnara_itemgenova@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру үрдісінің педагогикалық тәжірибесіндегі жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі мен оны одан әрі дамыту үшін ұсыныстар бар. Мектеп мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуы барысында кездесетін жетістіктер, қажеттіліктер және оның білім алушылар үшін пайдалы болу керектігі жайлы айтылған.

Түйінді сөздер: *технология, цифрлық трансформация, психологиялық көзқарас, бәсекеге қабілетті.*